

		supplements reduce the plastic properties of the test. Defined rheological properties of the dough after kneading and after laying. Adhesive property test revealed by addition of the cranberry. The new technology of cake with cranberry, with regard to their rheological properties. Түйін Мүкжидек қосылып дайындалған қамырдың реологиялық қасиеттерінің зерттеу нәтижелері келтірілген. Қамырды илегеннен кейін және толықсытудан кейін болатын реологиялық қасиеттері анықталды. Құрамына мүкжидекті қосқанда, қамырдың адгезиялық қасиеті анықталды. Мүкжидек қосылған кекстің жаңа технологиясы оның реологиялық қасиеттерінің есебімен ұсынылды.
13	Ключевые слова	кекс, реология, клюква, тесто, структурометр
14	Объем статьи	3 стр
15	Количество библиографических ссылок	1
16	Из них: на казахстанских авторов	1
17	Список библиографических ссылок на казахстанских авторов	1. Еркебаев М.Ж., Кулажанов Т.К., Мачихин Ю.А., Медведков Е.Б. Реология пищевых продуктов. – Алматы, 2003. – 192 с.

ӘОЖ 636.1.082.4

Есембекова З., Жүнісов А.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті, Алматы

ҚАЗАҚТЫҢ ЖАБЫ ЖЫЛҚЫСЫН ӨСІРУ ТИІМДІЛІГІ

Аңдатпа

Бұл мақалада Қазақстанның шаруа қожалық жағдайында жабы типті қазақы жылқыларды өсіру мәселелері зерттелген. Биелердің құлындау мерзімі мен оларды реттеу әдістері және өнімдік сапасы келтірілген.

Кілт сөздер: жайылымда бағып семірту, ет өнімділігі, ет сапасы, экономикалық тиімділік.

Кіріспе

Зерттеу нысаны ретінде «Жақсылық» шаруа қожалығында өсірілетін қазақтың жабы жылқысы төлдерінің ұша салмағының ет шығымы анықталады. Эксперименттік жұмыстың негізгі бөлігі «Қазақ мал шаруашылығы және жем-шөп өндірісі ғылыми-зерттеу институтының зертханасында жүргізілді.

Қазақстанның шаруа қожалық жағдайында жабы типті қазақы жылқыларды өсіру мәселелері зерттелген. Биелердің құлындау мерзімі мен оларды реттеу әдістері және өнімдік сапасы келтірілген.

Зерттеу нәтижелерін талдау

Үйірлі жылқы өсірудегі негізгі мақсат - жылқы етін және қымыз өндіру. Оған қоса мал бағуға күш көлік ретінде, ұлттық ат спорты ойындарына пайдалану үшін төзімді жылқы қажет. Жылқы малы ел мекенінен алыс, мүйізді ірі қара мен қой жете алмайтын суы тапшы жайылымдардың өзінде тіршілік ете береді. «Жақсылық» шаруа қожалығында мүйізді ірі қара малдары мен қойлары Алматы облысының Балқаш ауданындағы бөлімшеде, ал жылқылары бұрынғы Мыңбаев атындағы тәжірибе шаруашылығындағы бөлімшеде шоғырланған. Бұл бөлімшенің жалпы алып жатқан жер көлемі 50 мың га, төрт сатылы белдеулерде орналасқан: субальпілі-1800-ден 3500 м дейінгі биіктікте (Үш Қоңыр және Алааяқ Сарысай салалары), тау бөктерлі-құр далалық -650-825 м биіктікте (негізгі учасок), шөлейтті (Ақадыр және Шолақ Еспе) және шөлді (Қорған құм саласы). Үш Қоңыр саласының жалпы көлемі 2744 га, оның ішінде 300 га шабындық, 2445 га жайылым бар. Алаяқ Сарысай және Қорған құм жерінде, тек 3914 га және 3246 га жайылымдар орналасқан. Ақадыр және Шолақ Еспе саласында богара егістігі және көктемгі-күзгі жайылымдар шоғырланған.

Ең алыстағы жайылым жерлері орталық мекен-жайдан 250 км қашықтықта. Таулы-шалғын альпі жайылымдағы жер қыртысы шымды жақсы дамыған, құрымды, гумус құнарлығы жоғары, қышқыл серпілісті. Жоғарғы көкжиегіндегі гумус құнарлығы 15-18 пайыз.

Ауа райы төмен континенталдығымен ерекшелінеді, қысқы маусымдағы ауа температурасы бір қалыпты және жазы өте ыстық емес. Көктемгі суық түсу мамыр айының аяғында тоқталады, ал қазан айының ортасында қайтадан суық келеді. Жылы күндердің ұзақтығы -100 күнге жуық. Жылдық жауын шашын қосындысы 600 мм, ал температура 10°C жоғары болғандағы жауынның мөлшері 250 мм жетеді. Тұрақты қар жамылғысы орта есеппен қараша айының ортасында басталып, ал көктемде сәуір айының үшінші онкүндігінде ериді. Кейбір жылдары қарлы жаңбыр мамыр айында да борандатуы мүмкін. Қар жамылғысының биіктігі қыстың аяғында 80 см жетеді, ал орташа тұрақты қардың жату ұзақтығы 160 күннен жоғары.

Қазіргі кезде «Жақсылық» шаруа қожалығында өсірілетін жылқылар-осы жерлерде өсіріліп келген жылқы тұқымдарының ұрпақтары. Мұнда жылқының жергілікті табиғи жағдайға жақсы бейімделген жабы будандары өсіріледі. Шаруашылықта өсірілетін жылқының жалпы саны 1212 бас, оның ішінде айғырлары 21, биелері 465, тай байталдар-698 бас және 28 мініс аты бар. Айғырлардың 20 басы бонитировка бойынша элита класына, және I бірінші классқа жатқызылады, ал биелердің 345 басы элита класы, 92 басы I класс, тек 28 басы II класс.

Қазақтың жабы жылқысының ең негізгі ерекшеліктері – олардың дене бітімінің шымырлығы, құбылмалы ауа-райы жағдайына төзімділігі және қарлы қыста тебіндеп жайылып шығатыны, көп күй талғамайтыны. Олар қысқа қатал суықтан онша азбай, қондылығын бір қалыпты сақтап шығады [1].

Жамбыл ауданы өңірінде 2012 жылдың қысы ызғарлы болған жоқ, бірақ көктем салқын және жауын-шашынды болды. Көп жылғы байқау бойынша бұл аймақта күннің ашылып, көк шөптің қаулап өсе бастайтын уақыты көбіне сәуір айының соңына тура келеді. Сондықтан мұнда биелердің құлындауына ең қолайлы мезгілі деп сәуір айының бірінші он күндігінен бастап, мамыр айының соңына дейінгі уақытты айтуға болады. Тәжірибе бойынша құлынның іште жетілу мерзімі орта есеппен 335 күн деп саналады [2]. Ал биелер құлындағаннан кейін бірінші рет 6-11 күн аралығында күйге келеді, қашып кетпеген жағдайда олардың қайталап күйге келу уақыты 19-24 күн аралығы. Сондықтан құлындаған биелердің күнін белгілеп, есептеп, қолдан шағылыстыру арқылы белгілі бір дәлдікпен жоспарлы мерзімде төл алуға болады. Ол үшін мүмкіндігінше наурыз, сәуір айларының басында құлындаған биелерді айғырға жанастырмай, үйірден бөлек ұстап тамыз айының соңында үйіріне қайта қосқан жөн. Мұндағы биенің құлындағаннан кейінгі бойдақ уақыты 25-30 күн болуы қажет. Сонда мамыр айының 20-30 аралығында айғырдан тоқтаған бие

келесі жылдың сәуір айының соңында құлындайтын болады ($335+30=365$ күн). Жылқыларды шағылыстыру жасы оның жетілуіне байланысты: биелерді бірінші рет 3-4 жасында қашыруға қосады. Жоғарғы айтылған себептер мен есептерді ескере отырып, зоотехникалық шараларды қолдану арқылы межелі уақытта құлындатып, жас төлдің қатты суыққа немесе аптап ыстыққа ұрынбай, жақсы өсіп-жетілуіне жағдай жасалады.

Кесте 1- «Жақсылық» шаруа қожалығындағы қазақтың жабы жылқысымен будандарының дене өлшемдері мен тірілей салмақтарының көрсеткіштері.

Жылқы тобы	Мал басы	Дене өлшемдері, см				Тірілей салмағы, кг
		Шоқтығының биіктігі	Тұрқының ұзындығы	Кеуде орамы	Жіліншік орамы	
Айғырлар	21	145,3±0,68	152,1±0,73	182,5±0,78	19,5±0,11	488,5±5,06
Биелер	465	143,2±0,53	149,8±0,57	179,3±0,61	18,5±0,09	42,25±3,54
Тұқым бойынша стандарт	айғырлар	141	145	171	18,5	410
	биелер	139	144	168	18,0	380

Жабы жылқысының дене өлшемдері дала жылқыларына тән-онша ірі емес, тұрқы ұзынша келген. Шаруашылықтағы айғырлардың шоқтығына дейінгі биіктігі $144,2 \pm 0,65$, тұрқының қиғаш ұзындығы $150,6 \pm 0,78$, кеуде орамы $178,5 \pm 0,98$, жіліншік орамы 19,5 см. Жалпы тұқым стандартынан шоқтығының биіктігі 3,2 см, тұрқының ұзындығы 6,5 см, кеуде орамы 7,5 см, жіліншік орамы 1,0 см артық, ал тірілей салмағы бойынша 61,5 кг жоғары. Биелердің дене өлшемдер көрсеткіштері 3,1-4,9-7,3-0,5 см, салмақтары 45,7 кг стандарттан жоғары екені анықталды.

Кесту 2 - Тәжірибедегі еркек жабағының, тайдың және құнанның негізгі өлшемдері мен шығымы, кг

Жасы жылмен	Жылқы саны	Өнімінің салмағы	Ұшасының салмағы	Іш майының салмағы	Сойыс шығымы	
					кг	%
1,5	3	281,7	161,8	1,15	160,6	57,0
2,5	3	365,1	203,7	2,37	201,3	55,1
3,5	3	406,3	223,1	3,40	219,7	53,6

Бұл кесте мәліметтеріне қарағанда жабы жылқысын жайып-семірткенде ет айтарлықтай көп алынған. Алайда, сойылған малдың сойыс шығымын тексергенде жабағыдан 160,6 кг (57,0%), тайдан 201,3 кг (55,1%), құнаннан 219,7 кг (53,6%), ет алынған. Жылқыны жайып семіртуді жақсы ұйымдастырса, қосымша салмаққа қосылған шығыннан қысқартуға және жылқы етін өндіруге, жоғары экономикалық тиімділікке барынша мүмкіндік береді.

Қорытынды

Сонымен, шаруашылықта жылқының жалпы санын көбейтумен қатар, оның тұқымдық және өнім сапасын жоғарылату үшін селекциялық-асылдандыру жұмысын дұрыс жолға қою қажет.

Әдебиеттер

1. Әкімбеков Б. Р. Етті-сүтті жылқы шаруашылығы. Алматы. «Қайнар», 1984, 45-47 бет.
2. Федотов П. А. Коневодство. Москва, Агропромиздат, 1989. - С. 94-95.

ЭФФЕКТИВНОСТЬ ВЫРАЩИВАНИЯ ЛОШАДЕЙ КАЗАХСКОЙ ПОРОДЫ ЖАБЫ

Аннотация Эффективность выращивания казахских лошадей типа жабе. В данной статье исследованы вопросы разведения казахских лошадей типа жабе в условиях крестьянского хозяйства Казахстана. Приводятся продуктивные качества и наиболее оптимальные сроки выжеребки кобыл и способы ее регулирования.

Ключевые слова: нагул на пастбище, мясная продуктивность, качество мяса, экономическая эффективность.

Esembekova Z.T., Zhunisov A.M.

KAZAKH BREED JABY EFFECTIVENESS OF BREEDING HORSES

Abstract High. The efficiency of developing kazakh shade breed horses. Was researched the reading questions oh Kazakh horses type shade in the condition central. This article gives the predicting quality and the most optimum period oh mare hoofs and the oh this regulation.

Key words: pasture, meat product, vely, qualifies, meat, economic effective.

ӘОЖ: 636.3.082.+ 636.3:612

Есентөреева М.О, Несіпбаев Т.Н, Несіпбаева А.Қ , Жылқышыбаева М.М.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті, Алматы

БИАЗЫЛАУ ЖҮНДІ ДЕГЕРЕС ТҰҚЫМДЫ ҚОЙЛАР ҚАНЫНДАҒЫ АМИНОТРАНСФЕРАЗАЛАР МЕН АЗОТТЫ ЗАТТАР КӨРСЕТКІШІ

Аңдатпа

Мақалада дегерес тұқымды қойлардың биязылау жүнді типі қанындағы аминотрансферазалар белсенділігі мен азотты заттар деңгейін зерттеу нәтижесі баяндалған. Онда келтірілген мағлұматтар аминотрансферазалар белсенділігінің деңгейі малдың биологиялық әлеуетінің күштілігін аңғартады.

Кілт сөздер: Аминотрансфераза, фермент, АсАТ фермент, несепнәр, креатинин.

Кіріспе

Амин ауыстырушы ферменттер жануарлар әлемінде кең тараған ферменттер тобына жатады. Олар амин қышқылдарының тотыға ыдырау процесіне (катаболизміне) тікелей қатысады. Бұл ферменттерді А.Е. Браунштейн мен М.Г. Крицман 1937 жылы ашқан. АлАТ амин тобының аланиннен α -кетоглутаратқа ауысуын катализдесе, АсАТ – амин тобының аспартаттан α -кетоглутаратқа ауысуын жандандырады. Организмнің тіршілік әрекеті мен өнімділік деңгейіне амин ауыстырушы ферменттердің (аминотрансферазалар) әсері болатыны ғылыми зерттеулермен дәлелденген [Перчихин Ю.А., 1976; Эктов В., Горяминский В., 1976;]. Lehniger (1976) деректеріне сәйкес кемінде 11 аминқышқылдарынан (аланин, аргинин, аспарагин қышқылы, цистеин, изолейцин, лизин, фенилаланин, триптофан, тирозин, валин) α -амин тобы амин ауыстыру реакциясы нәтижесінде бөлінеді [1, 2]. Осы амин қышқылдарының α -амин тобы мына үш α -кетоглутараттың: α -пирожүзім, α -кетоглутарь немесе қымыздық-сірке қышқылының (ҚСК), α -көміртек атомына ауыстырылады. Бұл реакцияларда α -кетоглутарат амин тобының акцепторының рөлін атқарады. Сондықтан организмдегі амин қышқылдарының